

5. Смирнова, Е. Н., Тарасов, О. В. Инновационные технологии в управлении финансами. Новосибирск: Сибирское университетское издательство, 2017. – 298 с.

Қаржы-несие секторының шағын және орта бизнесті дамытудағы цифрландыру бағыттары

А.Ж. Тиштыкбаева¹, І.А. Махмут², А.Н. Нурмағанбет³

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.

^{2,3}"Қаржы" мамандығы бойынша 2 курс студенттері

¹arnagul0707@mail.ru, ²inzhumahmut5@gmail.com, ³nurbekovnaakbota@gmail.com

^{1,2,3}Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Шағын және орта бизнес (ШОБ) ел экономикасының тұрақтылығы мен дамуының негізі болып табылады. Цифрландыру ШОБ-тің қаржы ресурстарына қол жеткізуін жеңілдетіп, шығындарды қысқартып, бизнес-процестерді оңтайландырады. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар кәсіпкерлерге қаржы құралдарына қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Шағын және орта бизнес (ШОБ), қаржы-несие секторы, цифрландыру, онлайн-несие беру, мобильді банкинг, интернет-банкинг, blockchain

Қаржы-несие секторының шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытудағы цифрландыру бағыттары – бұл заманауи технологиялар арқылы кәсіпкерлікті қолдау және қаржылық қызметтерді жетілдіру мақсатында жасалған шаралар мен әдістердің жиынтығы. Қаржы-несие секторы Қазақстан Республикасының экономикалық дамуында шешуші рөл атқарады және ел дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ете алады. Қазақстанның стратегиялық дамуындағы қаржы-несие секторының негізгі басымдықтарының бірі: бұл елдегі шағын және орта бизнесті қолдау, себебі Қазақстандағы шағын және орта кәсіпорындар (ШОБ) ел экономикасында шешуші рөл атқарады және экономикалық өсудің маңызды көзі болып табылады.

Шағын және орта бизнес - бұл ірі корпорациялар мен көп ұлттық компаниялардан ерекшеленетін белгілі бір сипаттамалары бар кәсіпорындар санаты. ШОБ анықтаудың әмбебап стандарты болмаса да, олар әдетте келесі ерекшеліктермен сипатталады: көлемі жағынан ірі корпорациялармен салыстырғанда шағын және орта бизнеске жатады, сонымен қатар шағын және орта бизнесті басқару әдетте ірі корпорацияларға қарағанда икемді және орталықтандырылмаған. Шағын және орта бизнес иелері көбінесе өз кәсіпорындарын басқарудың белсенді қатысушылары болып табылады. Олар өндірісті ұлғайтуға, өткізу нарықтарын кеңейтуге, инновацияларға және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді [1].

Шағын және орта бизнес көптеген елдердің экономикасында маңызды рөл атқарады. Олар көптеген жұмыс орындарын ашады, бәсекелестікті ынталандырады және аймақтардың дамуына ықпал етеді және көптеген елдердің экономикалық жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Жалпы алғанда, шағын және орта бизнес жұмыс орындарын құруда, экономикалық өсуді ынталандыруда және инновацияларды дамытуда шешуші рөл атқаратын экономиканың маңызды және серпінді сегменті болып табылады.

ШОБ-тің экономикалық рөлі: Қазақстанда шағын және орта бизнестің (ШОБ) дамуы соңғы жылдары белсенді түрде жүзеге асырылуда. Шағын және орта бизнестің (ШОБ) дамуы ел экономикасының маңызды бөлігі болып табылады.

Үкіметтің арнайы бағдарламалары мен реформалары арқасында ШОБ секторының өсімі байқалуда. Осы саладағы өсім мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаумен, цифрландыру және инновацияларды енгізумен байланысты.

ШОБ экономикадағы еңбек нарығында да маңызды орын алады, себебі бұл сектор жұмыспен камтуды кеңейтеді және елдегі кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді[2].

Қазақстанда ШОБ экономикада маңызды рөл атқарады, оны келесі 1 - кесте мәліметтерінен байқауға болады.


Кесте 1

2021-2023 жылдар аралығына ШОБ-тің ҚР экономикасындағы рөлі

Көрсеткіштің атауы /күні	01.12.2021	01.12.2022	01.12.2023
ЖІӨ млрд.теңге	69781,4	95555,1	113824,5
ШОБ-тің ЖІӨ –і үлесі, %	30,2%	33,0%	36,5%
Субъектілер саны , млн	1,8	1,97	2,18
Салалық құрылымы, %	10,0%	13,3%	27,5%

Е с к е р т у - ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің деректері негізінде автормен құрастырылған

Кесте мәліметтерінен 2023 жылы ШОБ-тің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) үлесінің 36,5%-ды құрап және бұл көрсеткіштің 2021 жылы 2,8%-ға, 2022 жылы 3,5%-ға өскенін, яғни жыл сайынғы өсімді байқаймыз. Үкіметтің мақсаты – осы көрсеткішті 2030 жылға қарай 40%-дан асыру. Сонымен қатар субъектілер саны 2,18 млнды құраған.



Сурет 1. 2021-2023 жылдар аралығына ШОБ-тің негізгі көрсеткіштері

Е с к е р т у - әдебиет [3].

ШОБ-тің негізгі көрсеткіштері:

1. Экономикадағы үлесі: 2023 жылы ШОБ-тің Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі үлесі 36,5%-ға жетті. 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 40%-дан жоғары деңгейге жеткізу жоспарланып отыр.

2. Субъектілер саны: 2024 жылдың басында тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 2,18 млн-ды құрады, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны шамамен 2 млн. Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің ең көп үлесі Түркістан (98,1%) және Алматы облыстарында (94,9%), ал ең төменгісі Астана қаласында (89,2%) байқалды. Кәсіпорындардың ең көп шоғырланған аймақтары: Алматы (28,4%), Астана (19,3%) және Шымкент қалалары (5,4%).

3. Салалық құрылым: ШОБ субъектілері негізінен сауда (27,5%), құрылыс (13,3%) және қызмет көрсету салаларында (10%) жұмыс істейді

Цифрландыру және инновациялар: ШОБ-тің дамуына цифрландыру мен жаңа технологиялар үлкен әсер етуде. Мысалы, мемлекеттік қызметтер мен салықтық әкімшілендіру жүйесі цифрландырылуда, бұл бизнес процесстерін жеңілдетеді. 2024 жылы 440 млрд теңге көлемінде 6 мыңнан астам жобаға субсидия бөлініп, тағы 144 млрд теңгеге 4 мыңнан астам

жобаға кепілдік берілді. Сонымен қатар, цифрлық қаржылық құралдар, электронды сауда алаңдары және мобильді қосымшалар ШОБ-ті кеңінен қолжетімді етуде.

Қаржылық қолдау мен мемлекеттік бағдарламалар: Қазақстанда ШОБ-ты қолдауға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда, олардың ішінде микронесиелеу, субсидиялар мен гранттар бар. Мұндай қолдау кәсіпкерлікке қаржылық тәуекелдерді азайтуға және жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді. Мысалы, биылғы жылдың алғашқы 5 айында 440 млрд теңге көлемінде субсидиялар бөлініп, қаржылық қолдау көбейтілді.

Өсім және құрылымдық өзгерістер: Қазақстанның түрлі аймақтарында ШОБ саны өсіп келеді. Алматы мен Астана қалалары ШОБ субъектілерінің ең көп шоғырланған орындары болып табылады. Алматыда тіркелген заңды тұлғалардың 28%-ы, Астанада 19%-ы орналасқан. Бұл көрсеткіштер мегаполистерде кәсіпкерлік белсенділіктің жоғары екенін көрсетеді.

ШОБ-тің дамуы Қазақстан экономикасының тұрақты өсуіне, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына және кәсіпкерлік мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Цифрландыру мен инновациялар осы процесті тездетеді және бизнес жүргізу шарттарын жеңілдетеді.

Бұл аталған бағыттар келесі мәселелерді қамтуы мүмкін: Цифрлық банкинг пен қаржылық қызметтерді дамыту, яғни онлайн-банкінг платформаларын жетілдіру, ШОБ үшін арнайы жасалған мобильді қосымшалар мен цифрлық құралдар, қаржылық транзакцияларды жеделдету және қарапайымдату, ШОБ-қа арналған инновациялық қаржылық өнімдер (мысалы, шағын несиелер мен микроқаржыландыру), цифрлық төлем жүйелерін (QR-кодтар, онлайн төлемдер) дамыту, ШОБ-қа арналған субсидиялар мен жеңілдіктерге цифрлық қол жеткізу, мемлекеттік гранттарға өтінім беру мен мониторинг жасау процестерін автоматтандыру. ШОБ үшін онлайн-сауда платформаларын дамыту және жеңілдіктер беру, жаңа төлем жүйелерін енгізу арқылы сауданы оңтайландыру.

Цифрландырудың бұл бағыттары ШОБ-тың қаржылық қолжетімділігін арттыруға, олардың өнімділігін ұлғайтуға және нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе, Қазақстанда цифрландыру «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының басты бағыттарының бірі болғандықтан, бұл шаралар экономиканы әртараптандыру және инновацияларды қолдау тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Цифрландыру бағыттары бойынша шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуға елдегі нақты тәжірибелер:

1. Онлайн банкинг және мобильді қосымшалар: Қазақстандағы банктердің бірі – Kaspi.kz платформасы. Kaspi Business қосымшасы арқылы кәсіпкерлер:

- Шот ашып, онлайн-операцияларды жүзеге асыра алады.
- Салық төлемдерін тексере алады.
- Несие өтінімін жылдам бере алады.

2. Онлайн несиелеу платформалары: Азия Даму Банкі және микронесиелеу ұйымдары арқылы шағын кәсіпкерлерге арналған онлайн несиелеу қызметтері. FinTech стартаптары, мысалы, MyCredit немесе MoneyMan, аз құжатпен және кепілсіз несиелеуді жеңілдетеді.

3. QR-кодпен төлемдер: Halyk Bank және Kaspi.kz QR-код арқылы төлемдерді кеңінен енгізді. Бұл технология шағын дүкендер мен мейрамханалар үшін клиенттерден төлемдерді жылдам қабылдауды жеңілдетеді.

4. Электрондық сауда платформалары: Wildberries немесе OZON секілді ірі маркетплейстер ШОБ-қа өнімдерін онлайн сатуға мүмкіндік береді. Қазақстанда Aitu платформасы да отандық өндірушілерді қолдайды.

5. Мемлекеттік қолдау және субсидия: Қазақстанда eGov платформасы арқылы кәсіпкерлер: Шағын гранттар мен субсидияларға өтінім бере алады, Бизнесін тіркеу және лицензия алу процесін онлайн жасай алады.

6. Блокчейн және смарт-келісімшарттар: Қазақстанда пилоттық жобалар ретінде блокчейнді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы саласында субсидияларды бөлудің ашықтығы қамтамасыз етілуде. Мұндай тәсіл шағын фермерлерге арналған.

7. Цифрлық оқыту платформалары: Қазақстандағы кәсіпкерлерге арналған Atameken Academy платформасы. Мұнда цифрлық қаржылық сауаттылық пен бизнес жүргізу бойынша тегін курстар ұсынылады.

8. Big Data және аналитика: Банк немесе FinTech компаниялары ШОБ иелеріне Big Data негізінде талдаулар ұсына алады. Мысалы, белгілі бір аймақтағы клиенттердің сұранысына талдау жасап, кәсіпкерге өнімін қай бағытта дамыту керектігін көрсете алады.

Бұл мысалдар ШОБ иелерінің жұмысына цифрлық технологиялар қалай ықпал ететінін және олардың дамуына мүмкіндік беретінін нақтылайды.

Шет елдерде шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуда тиімді механизмдер мен цифрлық технологияларды қолдану Қазақстан үшін үлгі бола алады. 2-кестеде кейбір елдердің шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуда тиімді механизмдер мен цифрлық технологияларды қолдану тәжірибелері ұсынылған[4].

Кесте 2

Шет елдерде шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуда тиімді механизмдер мен цифрлық технологияларды қолдануы

Р/с	Германия	Оңтүстік Корея	АҚШ	Қытай	Финляндия
1	ШОБ-тің экономикадағы үлесі: ШОБ субъектілері елдің ЖІӨ-нің шамамен 55%-ын құрайды және жұмыс орындарының 60%-ын қамтамасыз етеді.	KOSME (Кореяның ШОБ корпорациясы) ШОБ субъектілерінде инновацияларды енгізу үшін қаржылық және технологиялық қолдау көрсетеді.	Инновациялық қолдау: Small Business Administration (SBA): ШОБ-қа төмен пайыздық несиелер, кепілдіктер, және қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тренингтер ұйымдастырады.	Электрондық коммерция: Alibaba Group: ШОБ-ты онлайн саудаға тарту арқылы олардың әлемдік нарыққа шығуына мүмкіндік береді.	Инновацияларды қолдау: Tekes (қазіргі Business Finland): ШОБ-қа инновациялық жобаларды іске асыру үшін гранттар ұсынады. Стартаптар мен шағын кәсіпкерлер үшін арнайы акселерациялық бағдарламалар іске асырылуда.
2	ШОБ субъектілерінде төмен пайыздық мөлшерлемелен несиелер ұсынады.	Жасанды интеллект пен Big Data негізіндегі талдау арқылы кәсіпкерлерге нарықтық болжамдар беріледі.	Инновациялық қолдау: Small Business Administration (SBA): ШОБ-қа төмен пайыздық несиелер, кепілдіктер, және қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тренингтер	Микро несиелеу: FinTech платформалары (мысалы, Ant Group) шағын кәсіпкерлерге кепілсіз несиелер береді.	Цифрландыру: ШОБ субъектілеріне бизнес-процестерді автоматтандыру үшін IT шешімдерді енгізуге көмек беріледі.

			ұйымдастырады.		
3	ШОБ-тың цифрлық шешімдерді енгізуіне субсидиялар мен гранттар қарастырылған	ШОБ субъектілері үшін Coupang және Gmarket платформалары арқылы электрондық сауданы дамытуға арналған жеңілдіктер мен қолдау ұсынылады.	Startup America Partnership: Стартаптарға қаржылық және кеңестік қолдау көрсетеді. Цифрлық платформалар : ШОБ-тің Amazon, Shopify сияқты ірі платформаларға қосылуы арқылы халықаралық нарықтарға шығуы жеңілдетілді	Қытайдың мемлекеттік бағдарламалары арқылы ауылдық аймақтардағы кәсіпкерлерге цифрлық инфрақұрылымды енгізу қарқынды дамуда	

Бұл елдердегі тәжірибе Қазақстанның ШОБ субъектілеріне цифрлық трансформация жүргізу және қаржылық қолдауды жақсарту саласында пайдалы болуы мүмкін. Шетелдік үлгілерді елдегі экономикалық жағдайға бейімдеп енгізу шағын және орта бизнестің дамуына үлкен серпін бере алады.

Қазақстандағы ШОБ-ті цифрландырудың негізгі бағыттары:

1. Онлайн-несие беру: Банктер мен қаржы институттары цифрлық платформалар арқылы несие рәсімдеуді жеңілдетіп, құжаттарды автоматтандырылған түрде өңдейді. ШОБ-қа арналған қысқа мерзімді және микроқаржыландыру өнімдері сұранысқа ие.

2. Big Data және жасанды интеллект: Клиенттерді талдау, несие қабілеттілігін бағалау және тәуекелдерді басқару процестерін жетілдіреді.

3. Мобильді және интернет-банкинг: ШОБ кәсіпорындарына тәулік бойы шоттарды басқару, төлем жасау және қаржы есептерін жүргізу жеңілдетіледі.

4. Blockchain технологиясы: Құжат айналымын автоматтандыру, транзакциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ШОБ-қа арналған смарт-келісімшарттарды пайдалану арқылы процестерді жылдамдату.

5. Финтех экокүйелер: Әр түрлі қаржы құралдарын біріктіретін платформалар ШОБ-қа қаржылық шешімдерді оңай табуға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, ШОБ-ті цифрландырудың артықшылықтары: Қаржы өнімдеріне қолжетімділік артады, операциялық шығындар азаяды, бизнес-процестердің тиімділігі артады. Қаржылық қызметтердің қауіпсіздігі күшейеді.

Қаржы-несие секторының цифрландырылуы ШОБ-ты дамытудың маңызды факторы болып табылады. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар кәсіпкерлерге қаржы құралдарына қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы процесті одан әрі ілгерілету үшін мемлекет, бизнес және қаржы институттары арасында серіктестікті нығайту қажет.

Осылайша, қаржы-несие секторы қоғамның тұрақты экономикалық өсуіне және әлеуметтік дамуына ықпал ететін шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдау үшін

айтарлықтай мүмкіндіктерге ие. Шағын және орта бизнесті қолдау экономикалық өсу мен дамуға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар жұмыссыздықтың төмендеуіне және қоғамдағы теңсіздіктің төмендеуіне ықпал етеді. Осындай аталған мүмкіндіктер негізінде еліміздегі қаржы-несие секторы шағын және орта бизнесті дамытуға белсенді қолдау көрсете алады. Жалпы, шағын және орта бизнесті дамыту қазіргі таңда Қазақстан үшін басымдық болып табылады және үкімет оның өсуі мен дамуы үшін қолайлы орта құру жөнінде шаралар қабылдауды жалғастырады. Бұл елдің тұрақты экономикалық дамуына ықпал етіп қана қоймай, әлеуметтік прогреске және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы
2. «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту: оқу құралы, Авторлар: Б.Е. Оразғалиев, Н.Е. Жұлдызбаев, Т.Е. Рахимжанов. - Астана, «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2018, – 250 б.
3. stat.gov.kz және primeminister.kz сайттары
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd>

Қазақстан Республикасындағы цифрлық ипотеканың даму бағыттары

Г.Р.Топшахова¹, А.Р.Руслан², Ж.Ж.Жарылғапова³, М.Ж.Жарылғапов⁴

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.,

² «Қаржы» мамандығы бойынша 2 курс студенті,

³ «Қаржы» мамандығы бойынша 4 курс студенті,

⁴ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 1 курс студенті

Mr.suyundykov@mail.ru, almurarus1221@mail.ru, zhansayazharilgapova@mail.ru, zarylgapovmanas5@gmail.com

^{1,2,3,4}Қарағанды Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Мақалада Қазақстандағы сандық ипотека нарығының ағымдағы жағдайына шолу жасалып, оның қалыптасу тарихына да қысқаша тоқталып өтілген. Нарықтағы тенденцияларға, негізгі қатысушылар мен өсу драйверлеріне ерекше назар аударылады.

Кілт сөздер: сандық ипотека, онлайн ипотека, мобильді банктік қосымшалар, банктік қызметтер, ипотекалық операциялар.

Пандемия жағдайлары цифрлық қызметтерге деген сұраныстың едәуір өсуіне ықпал етті. Карантиндік шектеулер кезеңінде цифрландыру технологиялары клиенттерге өмірдің әртүрлі салаларында жоғары сапалы онлайн қызметтерді ұсынуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, интернет-сервистерге, соның ішінде ипотека сияқты маңызды қаржылық шешімдерге деген сенім айтарлықтай артты. Қазақстан нарығында цифрлық ипотека жылдам қарқында танымал болуда: онлайн режимінде берілген ипотекалық несиелердің саны үнемі өсіп келеді.

Ағымдағы жылдың қазан айында Қазақстан Республикасында банктердің онлайн қызметтерін белсенді пайдаланушылар саны 24,8 миллион болды, бұл соңғы жылдардағы абсолютті рекорд. 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда олардың саны 12,4%-ға өсті.

Сандық ипотека -тәуекелдерді есептеуге және тұрғын үй несиесін жылдам әрі тез беруге мүмкіндік береді (24 сағатқа дейін). Цифрлық ипотека құжаттарды жинамай және ХҚКО-ға бармай ресімделеді. Тіпті жылжымайтын мүлікті бағалау да, сондай-ақ кепілді тіркеу де онлайн режимде жүзеге асырылады. Қарыз беру туралы шешімді банк қызметкері емес, адами факторды жоққа шығара отырып клиенттің жүздеген параметрлерін талдай алатын жүйе қабылдайды [2].